

«Жамбыл облысында минералды тыңайтқыштар өндіру бойынша «Қазфосфат» ЖШС химиялық кешенін сумен жабдықтау бойынша іздестіру-бағалау жұмыстарының жобасы: «Ақжар жер асты сулары кен орнының (Жанатас және Байқадам учаскелері) қорларын қайта бағалаумен алдын ала барлау» Ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша Қоғамдық тыңдаулар хаттамасы

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының жергілікті атқарушы органының атауы: **«Сарысу ауданы Жанаталап ауылдық округі» КММ.**

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы: **«Жамбыл облысында минералды тыңайтқыштар өндіру бойынша «Қазфосфат» ЖШС химиялық кешенін сумен жабдықтау бойынша іздестіру-бағалау жұмыстарының жобасы: «Ақжар жер асты сулары кен орнының (Жанатас және Байқадам учаскелері) қорларын қайта бағалаумен алдын ала барлау» ықтимал әсерлер туралы есеп.**

(қаралатын жобалау материалдарының толық, нақты атауы)

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы:

ҚР ЭГТРМ жанындағы «Қоршаған ортаны ақпараттық-талдау орталығы» ШЖҚ РМҚ.

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері:

Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жанаталап ауылдық округі.

тармақшаның №	Географиялық координаттар (Балтық жүйесі 1942)	
	Ендік	Бойлық
№ 1 Участке-Жанатас		
1	43°48'40.00"C	69°45'60.00"B
2	43°52'37.00"C	69°47'07.00"C
3	43°51'30.00"C	69°56'16.00"B
4	43°47'29.00"C	69°55'17.00"B
№ 2 Участке - Байқадам		
1	43°59'50.00"C	69°51'60.00"B
2	43°59'50.00"C	69°57'33.00"B
3	43°58'36.00"C	69°57'33.00"B
4	43°53'24.00"C	70° 04'60.00"B
5	43°52'40.00"C	70° 04'60.00"B
6	43°50'00.00"C	70° 01'8.00"B
7	43°50'00.00"C	69°59'16.00"B
8	43°54'60.00"C	69°51'60.00"B

(белгіленген қызмет учаскесі аумағының толық, нақты мекенжайы, географиялық координаттары)

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы:

Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жанаталап ауылдық округі.

(Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы)

6. Бастамашының деректемелері және байланыс деректері: **«Қазфосфат» ЖШС, ҚР, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Абай көшесі, 126, БСН 991040000313, тел. 8 (726) 243-19-56, tileubaev.B@kpp.kz.**

(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, телефондары, факстары, электрондық пошталары, сайттары)

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері. **«Геобайт Инфо» ЖШС, мекен-жайы: 110000 ҚР, Қостанай облысы, Қостанай қ., Гоголь к-сі, 75 А, БСН: 991040003605, тел. 87142500-297, geobait@mail.ru.**

(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, телефондары, факстары, электрондық пошталары, сайттары)

8. Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысы **06/05/2025 ж. сағат 11:00 Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жанаталап ауылы, Р.Сәтенұлы көшесі, 4 үй, ауылдық клубы.**

Qosyl-де кездесуге қосылыңыз: <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=912765076800> Кездесу идентификаторы: 912-765-076-800

(қатысушыларды тіркеу басталатын күн, уақыт, қоғамдық тыңдаулардың басталу және аяқталу уақыты, тыңдаулар өткізілетін орынның толық және нақты мекенжайы. Қоғамдық тыңдаулар ұзартылатын жағдайда барлық күндер көрсетіледі)

9. Бастамашы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

Осы хаттамаға 1, 2-қосымшалар.

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

Осы хаттамаға 3-қосымша.

11. Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде келесі жолдармен таратылды:

1) Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкіде 02.04.2025ж.;

2) жергілікті атқарушы органның (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat/documents/details/822143> **04.04.2025ж.**

(ресми интернет-ресурстардың атауы, сілтемелер және жарияланған күні)

3) қоғамдық тыңдаулар басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бар аумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік - аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле-немесе радио арна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында:

Сарысу ауданының "SARYSY" газеті №22 (8884) 20.03.2025ж., 4 қосымша.

(газеттегі хабарландырудың атауын, нөмірін және жарияланған күнін көрсету, сондай-ақ газеттің сканерленген титулдық беті мен қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландыру берілген бетті қамтитын, сканерленген хабарландыруды қоса ұсыну)

"JAMBYL" телеарнасы Жамбыл облыстық филиалы, 31.03.2025ж. 5-қосымша.

(теле немесе радиоарнаның атауын, хабарландыру жарияланған күнді көрсету, теле немесе радиоарнада жарияланған қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландырудың бейне және аудиозаписі бар электрондық жеткізгіш қоғамдық тыңдаулардың хаттамасына қоса тіркелуі (жариялануы) тиіс)

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) аумағында мүдделі жұртшылық үшін қолжетімді орындарда, **Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жаңаталап ауылы, Жаңаталап ауылы, Р. Сәтенұлы көшесі, 4 үй, ауылдық клуб** мекенжайы бойынша 1 хабарландыру.

Осы қоғамдық тыңдау хаттамасына фотоматериалдар қоса беріледі **Қосымша 6.**

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:
Хатшы- Кенжетаева Айымжан.

«қарсы емес» - 11, «Қарсы» - 0, «Қалыс қалғандар»- 0.

(хатшыны таңдау туралы. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың санын көрсету: "қарсы емес", "қарсы", "қалыс қалды")

Қоғамдық тыңдаулар регламенті «қарсы емес» - 11, «Қарсы» - 0, «Қалыс қалғандар»- 0.

(регламентті бекіту туралы. Қоғамдық қатысушылардың санын көрсету: "қарсы емес", "қарсы", "қалыс қалды")

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер:
Докудовский П. Гидрогеолог «Геобайт-Инфо» ЖШС.

(баяндамашының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)

«Жамбыл облысында минералды тыңайтқыштар өндіру бойынша «Қазфосфат» ЖШС химиялық кешенін сумен жабдықтау бойынша іздестіру-бағалау жұмыстарының жобасы: «Ақжар жер асты сулары кен орнының (Жанатас және Байқадам учаскелері) қорларын қайта бағалаумен алдын ала барлау» ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша баяндама, баяндама 4 бет, презентация 24 бет.

7-қосымша.

(баяндаманың тақырыбы, беттердің, слайдтардың, файлдардың, плакаттардың, сызбалардың саны)

Қоғамдық тыңдауларға шығарылып отырған құжаттар бойынша баяндамалардың мәтіні осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

14. Мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында айтылған барлық ескертулер мен ұсыныстарын, әрбір ескерту және ұсыныс бойынша бастамашының жауаптары мен түсініктемелерін қамтитын

жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге "қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ" деген белгімен енгізіледі.

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың жоба және қаралатындардың сапасы туралы пікірі (негіздемесімен), құжаттардың, тыңдалған баяндамалардың толықтығы және оларды түсінудің қолжетімділігі тұрғысынан, оларды жақсарту бойынша ұсынымдар: жоба бойынша ұсынымдар мен пікірлер болмады.

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілдігінің атауы ұйымдар, пікірлер мен ұсыныстар)

1. Жаңаталап ауылдық округіне жаңа құдық салу мүмкіндігін қарастыру;
2. Уақытша пайдалану үшін ұңғымаларды (өздігінен ағатын) пайдалану мүмкіндігін қарастыру;
3. Екі су алу ұңғымасын бұрғылауды қарастырыңыз;
4. Қазіргі уақытта су басқан Орталық карьердің дренаждық суын тұрғындардың қажеттілігіне пайдалануды қарастыру.

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағымдану Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен мүмкін болады.

17. Қоғамдық тыңдаулар төрағасы:

Ақшамбетов И.

Ақш

06.05.2025ж.

(тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)

18. Қоғамдық тыңдаулар хатшысы:

Кенжетәеве Айш

06.05.2025ж.

(тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)

Қоғамдық тыңдауларды өткізуге дейін және өткізу кезінде алынған ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі

p/c №	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және/немесе лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескерту (алынып тасталған/алынбаған ескерту немесе ұсыныс, "қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ")
1	<p>Баймуханов Ануар, бас эколог «Казфосфат» ЖШС: Заказчик: Рұқсат болса мен қысқаша түсіндіре кетсем. Құрметті ауыл тұрғындары бүгінгі қоғамдық тыңдауға қош келіпсіздер. Қоғамдық тыңдаудың басты мақсаты Ақжар жер асты суына ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Соңғы бұл жұмыстар 89 жылы жүргізілген болатын. Заңға сәйкес 25 жыл жер асты сулары зерттеп оның көлемі төмендеген немесе ұлғайғаның анықтау керек. Арада 30 дан асқан жыл өтіп кетті, ол кезде белгілідей совет үкіметі құлдырады, қазір соны Казфосфат қайтадан қолына алып жатыр. Бүгінгі қоғамдық тыңдауда өздеріңізге таныстырып жатқанымыз, өздеріңіз білетіндей, жер асты суын зерттер кезде бұрғылау скважина жұмыстарын жүргізеді. Сол бұрғыланған жерден судың анализін алып, судың құрамын, көлемін білуге зерттеліп жатқан жұмыстар. Сұрақтарыңыз болса қойыңыздар. Бұл жерде жұмыстар 2 учаскеде жүргізілетін болады. Бірінші учаске ол Жаңатас учаскесі ол жерде жұмыстар толықтай бітірдік. Екінші учаске Байқадам учаскесі. Екі учаскені қосқанда 23 ұнғыма бұрғыланады. Оның қазіргі таңда 12 Жаңатас учаскесінде бұрғыланды. Енді алдығы уақытта Байқадам учаскесінде бұрғылаймыз. Бұл учаскелер 4 елді-мекеннің аумағында орналасқан. Олар Жайылма а.о, Игілік а.о, Жаңаталап а.о және Досбол ауылдық округі. Осы 4 елді-мекеннің жер телімінде орналасқандықтан, 4 елді-мекенге келіп біз қоғамдық тыңдаулар өткізіп жатқан жайымыз бар. Бұл жердегі бар мақсат жер асты су қорын анықтау. Егер болашақта судың бәрі анықталатын болса, істеліп жатқан есептер, отчеттың барлығы жергілікті органдарға жүктелетін болады. Сол жерде 89 жылы жасалған есептердің даннй жаңаратын болады. Істеліп жатқан жұмыс арада өткен 25-30 жылда жер асты суының өзгерістері бар ма не өзгерістер болып жатыр. Жер асты суы да мемлекеттік байлық болып саналады. Сол үшін жер асты суын қадағалап, бақылау үшін істеліп жатқан жұмыстар. Петр бауырым өзінің есебін айтып өтті қазақшалап. Бұл жерде басты мақсат өткізіліп жатқан жұмыспен халықты бағдарлау ету. Сіздерге келіп сол өткізілетін жұмысты таныстырып жатырмыз. Білмейтін адамдар ертен көрсе, не болып жатыр деу мүмкін, сондықтан бұл жұмыстардың барлығы жер асты суына ғылыми-зерттеу жүргізу. Сұрақтарыңыз болса қойыңыздар, біз жауап беруге дайынбыз.</p>		
2	<p>Жангабулова Акмарал Бас геолог: 24 жылы бұл жұмыс өткізілді осы 4 ауылда, бірақ сол кезде ақша табылмады, жұмыс басталмады. Енді осы кісілермен договорға</p>		алынып тасталған

	тұрып, біздің бас офисымыз ТОО «Казфосфат» осы жұмысты бастады биыл. Сондықтан ғана қайталап өткізіп жатырмыз. Әйтпесе бұның бәрі өткізілген кезінде. Рұқсат алған 4 ауылдың тұрғындарынан.		
3	Ауыл тұрғыны: Не істейміз деп рұқсат сұрап жатыр?	Жангабулова Акмарал Бас геолог: Біз зерттейміз суды. 25 жыл сайын әр судың қандай деңгейде? Хим анализдері қандай? Су азайды ма көбейді ма соны зерттейміз. Одан кейін анау мемлекеттің фондына тапсырамыз, олар бізге рұқсат береді. Осындай Ақжар месторождениясы осы сулардың запастары осындай болды, анализдері осындай деп. Одан кейін мемлекет өзі шешеді, елге беретінін немесе ол су тұрады ма.	алынып тасталған
4	Ауыл тұрғыны: Біз өткенде осында осы кісілер келген, бірақ мына жерде қоғамдық тыңдау деген үлкен маңызы бар нәрсе, оған барлық тұрғын бірдей қатысып пікірін айту керек. Мына жерде байқап отырғаным 5-6 адам тыңдаушымыз. Бұл жерде біздің естуіміз бойынша былтырғы жылғы баяндалғанда, мына жерлерде труба тұр жер астында жасалынған, сол жертеген жерлерден көреміз. Бұл суды сол уақытта айтқан, мынау жерден Сорттын бер жағынан келешекте завод салынады деп. Сол заводқа осы жерден, егенр су деңгейі жеткілікті болатын болса мына жер астындағы Ақжар су ресурсында, соған труба тартып сол заводқа су алады деген әңгіме болған. Енді мына жерде мынандай тірлік бар, біздің өзі барлық адам да, жер де, су да мемлекеттің меңшігі, оған әңгіме жоқ. Бірақ осы жерде тұрып жатқаннан кейін бұл жердің жкологиялық жағдайы да басқа да жағдайлардан қандай зардап шегіп жатыр? Оған халыққа қандай жәрдем беріліп жатыр? Қаншадан ауру тауып жатыр? Осы мәселелер ешқашан назарға алынбайды, алынған да емес. Мысалға жаңағы Жаңатастан шығып жатқан тозандардың бәрін біз іргесінде отырып радиацияны қабылдап жатырмыз. Мынау жерде қазір мына жағымыздан Сорбұлақтан тұз шықты бұл да біздің сорымызға. Енді қорыта айтқанда былай, бұны зерттегенде сіздер жер асты суын тартып әкететін болғанда, мына елдің құдығының суы төменге кетеді, біздің ойымызша. Біз қазір осы құдықтың суымен күн көріп отырмыз. Мында Ынталы деген канал бар, биыл соған Алла тағала мына жақтан жауын бермеді, ана таудың басына қар түспеді. Мынау ел қазір егін егіп жүгері егіп жатыр. Сол жүгеріні еккеніне мен ішім ауырып жатыр, неге? Мына біздің қазір су қоймамызда Арал көрініп тұр, су жоқ. Бүгін жүгері егеді бәленбай ақшасын шығарып, ертен дым жоқ болып қалады. Міне осыған байланысты егер келешекте осындай тірлік болатын болса, мынау құдықтың суы бізді сақтап отырған. Басқа біздің алатын суымыз еш жерде жоқ. Енді мына жер де басқада проблемалар бар экология жөнінде. Сондықтан мына мәселені 5-6 адам тыңдап осы кісілер келісім берді дегенге қарсымын. Түбі рұқсат берілер құжат үшін, бірақ мына елдің сіздер енді атқарушы адамдарсыздар, былтыр осы жерде болып бұл мәселені бізге айтқан. Осындай	Баймуханов Ануар, бас эколог «Казфосфат» ЖШС: Енді сұрағыңызға жауап бере кетейін көке. Көке енді осы ауылдың ақсақалы ретінде болашаққа деген күдік бар. Бәрімізге мәлім, су тіршілік көзі ғой. Бірақ сіз айтып жатқан бұл жерде жер асты суы және жер үсті суы екі екіге бөлінеді. Біз қазып жатқандарымыз ертен бұл жерде қазылатын глубиналардың бәрі 200 метрден төменге қарай кететін дүние. Сіздердің құдықтан алып жатқан суларыңыз жер бетіндегі су болып саналады. Өйткені сіздер ары кетсе бір 30 метрге қазарсыздар. Судың өзінде жоғарғы беткейінде су болады, ал бұл жердің астында. Мына жер бізде кезінде зартелген жер асында теңіз орналасқан деп айтып жатыр, біз соны қазір зерделеу үшін істеп жатырмыз. Бағана өзіңіз айтпақшы Казфосфаттың болашақта завод саламыз деген планы бар, былтыр келгенде айтты дедіңіз ғой. Оның пока жоқ, бірінші сондай үлген жұмыс істеу үшін бірінші зерделеу жұмыстары жүргізіледі. Мысалға сіздер үй салатын болсаңыздар бірінші планың жасайсыздар қай жерде деп, адам да көріңген жерге барып үй сала салмайды ғой. Ертен оның тұратын жері жарайды ма соның бәрін қарастырады ғой. Сол сияқты бұл жерде бірінші өткізіліп жатқан жұмыс жер асты суын зерделеу. Ол жерден ешкім су алмайды. Просто сол 89 жылы істелінген ғылыми зерттеу жұмыстарының даныйын жаңарту. Сол су бар ма жер астында соны анықтау үшін істеліп жатқан жұмыс. Бағана сосны экологиялық жағдайын айттыңыз ғой аға, енді завод болып жатқаннан кейін менің негізгі мамандығым эколог қызыметінде жұмыс істеймін, Казфосфаттың бас экологы болып жұмыс істеймін. Бұл жерде бағанағы сіздің айтып жатқан карьерлерден шығып жатқан шаңдар деп айтып жатсыз ғой, өндірістен шығып жатқан шаңдарға мемлекетке төленетін арнайы налог болады. Экологиялық салдарға төленетін налог, ол жерде жергілікті атқарып жатқан органдарға аудандық елді мекенге, облыстық масштабта ақша төленіп жатыр. Сосын сіздерде Сорбұлақты да айтып жатырсыз, ол да бұл жерден жақын киллометрде орналасқан екен. Әр істеліп жатқан өндірістің өзінің санитарлық қорғау аймағы болады. Содан ары қарай өзі мемлекеттің тарапынан қойылатын нормалары	алынып тасталған

<p>осындай жұмыс істеп жатырмыз, осындай болады, ана жерден завод салынады соған осы жерден су аламыз деп.</p>	<p>бар, бұл жерде көріңген адам мен сіздің огородыңызды қазам деп ондай қылып бере салмайды. Оның арнайы алынатын экологиялық құжаттары болады. Сол экология аясында алынған құжаттармен белгілі бір мекеме берілген рұқсаттың аясында ғана жұмыс істей алады. Аға сізде айтып жатырсыз ғой, ел де, жер де жер астындағы жер үстіндегі байлықта мемлекеттікі. Сондықтан мемлекеттің тарапынан күрделі тексеру жұмыстары жүреді. Мысалға айтатын болсақ, жер қойнауын пайдалануға арнай шығарылған заң бар. Мына экология саласын зерттеу үшін экологиялық кодекс бар. Арнайы заңмен бекітілген нормативті құжаттар бар. Барлық жерде арнайы өзінің заңы бар бекітілген. Бауыржан Момышұлы бабамыз айтқандай «Тәртіпке бағынған құл болмайды» дейді ғой, сондықтан біз істейтін жұмысымыздың бәрін заң аясында істеуге тырысамыз. Біз үлкен мекеме болғаннан кейін бізден спрос болады. Ал қазіргі істеп жатқан жұмыстар сіздердің құдықтарыңызға еш ісері етпейді. Өйткені тереңдігі біздің қазатын скважиналардың 210-220 метрге дейінге тереңдікке барады. Ол жердің үстінгі қабатындағы су емес, жердің астыңғы қабатындағы су. Сондықтан сіздердің тараптарыңызға айтатыным ешқандай уайым жоқ. Сіз айтып жатқан завод соғылатын болса егер болашақта, ол кезде арнайы кәдімгідей үлкен жоба ғой, өзіңіз білесіз ғой завод соға салу оңай жұмыс емес. Ол жерде миллиардтаған суммалар кететін болады. Ол жер үлкен осындай қоғамдық тыңдаулар өткізілетін болады. Сол халықтың ұсыныс, пікірлері болады. Сол кезде халық айтады, сен ақыры завод соғып жатсың, бізден суды алып жатсын, онда сен ауылдың жастарын оқытуын керек соларды жұмысқа тартуын керек деп. Ол заводқа жеткенге дейін әлі ауылы алыс. Бұл жерде бірінші тек қана жер асты суларын зерттеу жұмыстары. Бағана айтқандай 2 учаске бар, сонда бар-жоғы 23 скважина қазылады. Қазіргі таңда сіздерге таныстырып жатқан жұмыс сол скважиналар осындай жұмыстар жүргізіледі. Осы жұмыстың бәрі ауқымды болғаннан кейін осы бойынша жүргізілген зерттеулерге қорытынды жасалатын болады. Ол жерде мына қазылған скважиналардың тереңдіктері жазылады, ол жерде жер астындағы судың анализдері, ол жерден сынама алынады ғой ол ішуге жарамды ма жарамсыз ба соның бәрі анықталып, есебінің барлығы жергілікті Шу-Талас бассейндік инспекция дейтін бар, судың бәрін қадағалайтын. Бүкіл су саласын зерттейтін органдардың барлығына осы есептер жолданады. Сосын Ақжар жер асты суының жалпы көлемі осындай екен дейтін обший есеп бекітіледі. Содан кейін барып ол ішуге жарамды су болса, сіздердің ауылдарыңызға да жақсы болуы мүмкін. Өйткені өздеріңізге белгілі Ақбұлақ бағдарламасы бар ғой жергілікті елдерді ауыз сумен қамтамасыз ететін.</p>	
<p>5 Ауыл тұрғыны: Қамтамасыз етіп қойды ғой уже.</p>	<p>Баймуханов Ануар, бас эколог «Қазфосфат» ЖШС:</p>	<p>алынып тасталған</p>

		Ертен бір резервний скважин қойып қою мүмкін ғой, ішетін суға жарамды болса. Сондықтан ешқандай уайымдамаңыздар, бұл жасалып жатқан жұмыстардың барлығы.	
6	<p>Ауыл тұрғыны</p> <p>Сізді түсіндік. Енді бұл мәселе мынандай, мынау бізді 70 жылдан бастап біз Жаңатас қаласына Байқадам совхозы, Қой совхозы болатын. 40-50мың қойы бар шаруасымен айналысатын. Енді сол біздің күн көріп отқанымыз мал шаруашылығы. Сіздер сол 70 жылдан бері қарай сізді атап отырғаным мына Казфосфат жер асты қойнауын пайдаланып жатқан, анау Жоңның басында қаншама су тұр. Мен былтырда бұған қатысты емес бір жиналыста айттым. Сол жерде тұрған суды, біздің табиғатымыз экологияға тәуелді болып осы жерде денсаулығымызды беріп жатқанда сол суды алып келіп неге труба тартып кіргізіп бермейсіздер? Анау карьер басында тұрған суды білісіз ба? Қыруар су тұр сол жерде. Сол суды трубамен тартып алып келіп, мына каналға құйып беріңіздер каналдың суымен біз огород суарсақ. Биыл айтып отырмын ғой жүгері егіп жатыр деп. Мына каналымызда қазір су жоқ. Сіздерді ол қазір қызықтырмайды. Мына халыққа қоғамдық тыңдау өткізу үшін біріншіден газетте жариялау керек менің түсінігімше. Халық соны оқу керек. Содан кейін барып мына жерде елдің бәрі қатысу керек. Бұл өмір деген күрес, бүгін бармыз ертен жоқпыз. Бірау мынау ел бұл жерден көшпейді. Осы жерде отырады, тұрғылықты жері осының табиғатына тәуелді болып. Алматы, Астана бізді қызықтырмайды. Біздің Астанамызда Алматымызда осы туған топырағымыз. Сондықтан егер сіздердің ықпалдарыңыз болатын болса, егер осы 70 жылдан бері қарай мына жеріміздің бәрі овощ өткіземіз Жаңатасқа деп нитратпен тоздырғанбыз. Біздің қазіргі күн көріс жағдаймыз осы құдықтың суы. Помидорымызды оғурцымызды енді-енді 70 жылдары еккеніміздің арқасында дастарханымызда табылып, жеп денсаулығымызды түзеп, қалғаның Жаңатасқа сатып халыққа. Сөйтіп товарды ақшаға айналдырып күн көріп отырмыз айналайын. Осы мәселе туралы сіздер кішкене жан-жақты ақпарат тараған заман елді құлақтандырып жиынға қатысып сосын бәрін шешу керек. О мақұл 5 адам қол қойып беріпті деген жоқ.</p>	<p>Баймуханов Ануар, бас эколог «Казфосфат» ЖШС:</p> <p>Білемін ғой.</p> <p>Бұл жерде аға 5-6 адам ауылдың мәселесін шешіп жатқан жоқ қой. Ережеге сәйкес жергілікті әкімге де ескертілген болатынбыз, хатпен шығып. Енді жиналған қауым осы болып тұрғаннан кейін ережеге сәйкес бекітілген уақытта өткізу керек.</p> <p>Негізі аға айтып жатқан карьердің суын ол әңгіме Жаңатаста да қозғалған. Бұл жерде карьерден шығып жатқан су мемлекеттікі болып саналады. Сіздің айтып жатқаныңыз орынды. Кезінде Жаңатаста жиналыс болғанда бұл көтерілген болатын. Біз су беруден қашпаймыз. Бірақ бұған акимат разрешение алу керек. Бұл біздің карьерден шығып жатқан су деп рұқсат бере алмайды екенбіз. Біз карьерден рудасын алып болғаннан кейін, ішін жиналған су ол біздікі емес мемлекеттің баналсындағы су болып саналады. Ол су жатқыны жатқан, акимат разрешение алғаннан кейін бермейміз деп жатқаны жоқ. Бұл әңгіме бір үлкен жиналыс болған кезде де қарастырылған. Аудан акиматы қарастырамыз деп қалған болатын. Егер сіздің огородыңызда су алынып тасталған табылатын болса, оның иесі мемлекет болып шығады ғой. Сол сияқты бұл жерде карьерден шығып жатқан суларды сіздерге айдап беретін болсақ, бұл біздің тарпымыздан үлкен нарушение болады. Сол жерде жиналысқа барғанда акимат тарапына айтқанбыз, сіздер осы суды ары қарай қалаға немесе Жаңаарқаға қарай айдайсын болсаңыздар оған арнайы разрешение керек. Ол разрешениені беретін Шу-Талас бассейндік инспекциясы, оны біз бермейміз.</p> <p>Жангабулова Акмарал</p> <p>Бас геолог:</p> <p>Сосын Ануар фильтр кою керек.</p> <p>Баймуханов Ануар, бас эколог «Казфосфат» ЖШС:</p> <p>Сосын ол карьер суы болғаннан кейін адам пайдалану үшін арнайы бір тазарту қондырғысынан өтетін оборудование болу керек.</p>	
7	<p>Ауыл тұрғыны</p> <p>Ол су ішуге емес қой.</p> <p>Ол жақта бір сиырды қай жаққа апаратынын білмей отыр.</p>	<p>Баймуханов Ануар, бас эколог «Казфосфат» ЖШС:</p> <p>Ия аға түсініп отырмын.</p> <p>Ынталыны да өздеріңіз айтып отырсыздар ғой табиғатқа байланысты жылда толатын биыл қар да, жаңбыр да түспеді. Негізі сол Ынталы да кезінде сол комбинанттан салынған. Биылға таңда ремонт жүргізіледі деп айтылған еді. Биыл өзі жылдағыдай осадка болмағаннан кейін жермен шаруамен айналысатындардың барлығына қиындық туындап тұр. Себебі жылда жауып жатқан қар жоқ. Анау талда</p>	алынып тасталған

		<p>толмағанна кейін. Сол енді. Қазіргі таңда бұрғыланған 12 скважина бұрғылап біттік деп жатырмыз ғой, соның екеуінде самоизлив шықты. Өзімен-өзі шығып тұр ол сулар. Ертен бұл жақтан да ертен самоизлив шыға ма ол бұрғыланғаннан кейін белгілі болады. Ертен самоизлив шығып жатса анда ол осы жақтың шаруаларына оны жауап кетпейді. Скважина аузын жауап, су шығатын мүжесін қойып кетеді. Бұл қазып жатқанның халыққа пайдасы болсама зияны тимейді. Өйткені ертенгі күні оны бүкіл есепті утверждать етіп, жер асты сулары отчетпен анықталатын болса және ішуге жарамды болса ол болашақта халықтың игілігіне қолданылады.</p>	
8	<p>Ауыл тұрғыны түсіндім балам сені. Енді қоғамбыз ғой енді. Жаңағы айтып отырғандардың бәрін хаттамаға қосып, жоғарғы орындарға жеткізіп. Бұл жиналысты не құрлым көп адам білетін болса соғұрлым халықтың қызығушылығы оянатын болады. Екінші жағынан мына ел дейді, елдің алдына келгеннен кейін іс-шара назарға алынса мына жерге хаттама жазылу керек.</p>	<p>Баймуханов Ануар, бас эколог «Казфосфат» ЖШС: Осы айтылып жатқандардың бәрі міндетті түрде хаттамаға қосылатын болады. Түсінікті аға, ол хаттамаға мана айтылған карьердің суы да қосылатын болады.</p>	алынып тасталған
9	<p>Ауыл тұрғыны Негізі сіздер қай мекеменің атынан келіп отырсыздар?</p>	<p>Баймуханов Ануар, бас эколог «Казфосфат» ЖШС: Казфосфат</p>	алынып тасталған
10	<p>Ауыл тұрғыны Енді мына жер асты суының источнигі қай жақтан шығып жатыр? Қай жерден келіп жатыр ол су? Сұрайын деп отырғаным сіздер су тауып бересіздер кейін оны пайдаланады. Заводқа апарды, ел су ішсін жарайды, ал енді сол жердегі су толып тұрады ол таусылған соң орны үңгір болып қалады ма?</p>	<p>Баймуханов Ануар, бас эколог «Казфосфат» ЖШС: Бұл жер асты суы ғой аға, кезінде теңіз болған. Жоқ аға ол жерде аға жер асты суында ол қалай істелінеді. Бұл жерде жер асты суы ар жақтан Шу өзенінен келіп жатыр, ол бір жақтан келмейді ғой, Шу өзенінің жерге сіңіп жатқан суы.</p>	алынып тасталған
11	<p>Ауыл тұрғыны Менің сұрайын деп отқаным, жер астындағы 200 метрдегіменнен жердің бетіндегі сулардың арасында байланыс болуы мүмкін ба мүмкін емес па?</p>	<p>Баймуханов Ануар, бас эколог «Казфосфат» ЖШС: Жо-жоқ жер үстіндегі су ол, мысалы құдық деп айтып жатсыздар ғой Жаңатастағы құдық көбінесе осадка көп болса көктемде қар көп болатын болса, таудан келіп жатқан сулар да Ынталы да толады. Жер асты тереңдігінде жатқан су мен жер үстіндегі су құдықтағы су ол табиғи жаңбырға қарға зависть етеді. Мысалы жаңбыр аз болады ма құдықта суда азаюы мүмкін. Жер асты суы деген 200 метр тереңдікте болады, оның бір-бірінде разницасы болады. Бірақта үлкен көлдерден келетін Шу өзені ағып жатыр, Асау өзені, Шабакты өзенді олардың бәрі сіңіп үстіге қарай кетіп қалмайды ғой, осының бәрі жер асты суын толықтырып отырады. Бұл жерде сіз айтып жатқан, ойылып жер түсіп кетеді ма деген болып жатыр ғой. Ондай болмайды.</p>	алынып тасталған
12	<p>Ауыл тұрғыны Мен анау Әбіш Кекілбаевтың құдық туралы жазған кітабын оқығанмын. Бұрын қазақтар 80-100 метрге қазған. Сонда бірнеше жерден сулар кездеседі. Ол кітапта шын ба өтірік па білмеймін. Каспий теңізі мен Арал теңізі арасындағы байланысты да айтып кеткен екен. Жер астында байланысы бар деп. Сол жер үстіндегі 20 метрдегі су мен астындағы су да</p>	<p>Баймуханов Ануар, бас эколог «Казфосфат» ЖШС: Жо-жоқ ондай болмайды. Гидрогеолог Докудовский Петр: Можно я скажу про гидрогеологию. Мы сейчас проводим расследование только на нижний горизонт воды. Как мы это делаем, мы получается бурим кондуктор 25-30 труба,</p>	алынып тасталған

	байланыс болу мүмкін шығар деп ойлаймын да мен өзім. Ертен Акжардың суы таусылса, біздің Қазақстанда істелген жұмыстың бәрі аяғына жетпейді ғой. Қарағанды да көмір алған жерлердің бәрі шұңқыр болып жатыр ғой. Ештеңе орнына толтырылған жоқ. Сол су таусылғанға кейін жер төмен түсіп кетуі мүмкін ба деп ойлап отырмын да.	потом мы цементируем за трубой пространство чтобы ни одно верхний вода не попала вниз. Потому что нам нужна анализы только нижний воды. Соответственно мы отрезаем весь верховодку который не может туда попасть потом туда мы сожаем фильтровой корону. И фильтр только с этого интервала качает воду. Она никак туда не попадет.	
13	Ауыл тұрғыны Енді жаңа судың бәрі мемлекеттікі деп жатсыздар ғой. Қазақстанның Конституциясында жазылып тұр, мемлекет адам үшін, адам мемлекет үшін емес. Жер асты байлығының бәрі халықтыкі, мемлекеттікі емес. Енді сіздердің келіп отқандарыңыз да мемлекеттікі емес халықтыкі болғаннан кейін келіп отқан шығарсыздар. Солай түсіндіріп айту керек, сонда халықта келеді. Енді жалпы табиғаттың берген байлығы оны пайдалану керек. Халыққа болған соң ғой бәрі жасалып жатқаны. Бірақ біздің Сарысу ауданында тәртіпсіз істеліп жатыр деп ойлаймыз да. Бір жерде ашып болмай екіншісін ашып жатыр. Өткенде кездесу болдым Сарыбұлақтармен әкст туралы әктас деген не десем, утас деп аталады ол. Біз бұрыннан білеміз, біздің осы Сарысудан шыққан жігіттер осыдан 20 жыл бұрын келіп айтып кеткен. Ешқайда көшпенділер, бұл жер әлі таза жер асты байлығы деген сұмдық толып тұр. Сомен қаза-қаза бітті. Сол басқа жаққа көшетін шығармыз.	Баймуханов Ануар, бас эколог «Казфосфат» ЖШС: Жоқ аға, ешқайда көшпенділер.	алынып тасталған
14	Ауыл тұрғыны Балам сен кешір енді, ашық айтылған әңгіме жақсы ғой. Мынау кезінде біздің осы Казфосфат орнамай тұрғанда, анау Қарасайдан қалаға су алмай тұрғанда, төскейдің бәрінен су ағып осы жаққа бұлақтардың суы келіп тұратын. Анау қазылды, жердің бетіндегі су төмен қарай түсті. Оны біз жақсы түсініп отырмыз. Бірақ айттық қой мемлекетте жаңағындай зерделеу жүріп жатырған, бірақ мына қоғамды тұтас 100 пайыз болмаса да қамтып, газетке жариялап басқа ақпарат құралдарына жариялап, мынау ауылдың әкімдерің мынау хаттамаға жазып, мынау теңіз тамшыдан құралады дейді. Әр пікір осындай жерде маңызды. Простой бір пример келтірейін, мынау Игілік тау жақ оның бәрі Игіліктің жері. Мынау беті біздің Сорбұлақ оның ар жаңағы Күмістөбеге шейін. Біздің малымыз су ішіп отырған құдықты бекітіп тастады. Ал жаңағы өткен жолы наурыз мерекесі болған кезде жер біздікі Жаңаталаптікі, Байқадам аудан орталығы оған қарсылығымыз жоқ. Бір бала күрессе бәленбай сом ақша береді мынау Сорбұлақ. Ол сіздер үшін емес былай жалпы алып қарағанда. Ал біздің ауылдың балаларына 4 теңге де бермейді. Это нереально. Бұл жыламаған балаға емшек бермейді деген сөз. Ал жаңағы жылқысы су ішіп жатқан, малмен күн көріп отырған құдықтың бәрін жауып тастады. Ешкімнен сұрағанда жоқ, бір кезде тыңдау болды бәрі берді деді да білгенің істеп жатыр. Сондықтан білгенің істеу үшін де мынау халықпен санасқан жақсы. Халық сізден, менен шығады. Соны айтқым келген.	Баймуханов Ануар, бас эколог «Казфосфат» ЖШС: Дұрыс, дұрыс айтасыз.	алынып тасталған
15	Ауыл тұрғыны Мен сұрағыма байланысты ары қарай	Баймуханов Ануар, бас эколог «Казфосфат» ЖШС: Аға ол жерде трубопровод бітіп қалуы	алынып тасталған

	жалғастырайыншы. Анау Сорбұлақтың қасында жердің астынан трубаменен 200 метрден сендер қазған су шығатын. Ол 8 метрге дейін фонтан болып ағатын. Сол 10-15 жыл тұрды, өзімен-өзі жоқ болып кетті. Сол судың қоры таусылды ғой, таусылмаса неге ақпайды.	мүмкін ғой. Бұл жерден скважинаны уақытында қарамайтын болса оның ішіне зат тастаса ол труба бітеді ғой. Ол жерде судың қоры болмауы да мүмкін. Ол жерде бітіп те қалуы мүмкін. Бағана айтып кеткендей скважина істеген кезде ішіне фильтр қойып кетеді ғой.	
16	<p>Ауыл тұрғыны Аа дұрыс түсіндік. Енді осындай тыңдауларға біздің ауданның акиматының мамандары неге қатыспайды? Отдел басшылары, біз көп нәрсені түсіне бермейміз ғой. Өткенде Байқадамда кездесу болды. Біз шамалы білеміз да тұзда да реактивный несі бар, у тасында сондай. Осыларды жалпы дұрыстап түсіндіріп айта ма дейміз да. Сол ауданның мамандары қатысып неге түсіндірмейді?</p> <p>Жалпы түсіндік. Сіздерге тапсырма берілді, сіздер суды тексеріп бересіздер. Осынша су бар деп, басын жабасыздар да кетесіздер. Басқасы кейін шешілетіндер оларды түсіндік.</p>	<p>Ауыл тұрғыны Жоқ, бұл бұл кісілерге қойылатын сұрақ емес қой. Жоқ бұл бала экологпын деп айтты ғой.</p> <p>Баймуханов Ануар, бас эколог «Казфосфат» ЖШС: Жергілікті атқарушы органдар управление природных ресурсов дейді ғой ол кісілер онлайн осының бәрін көрі жатыр. Бұл жерде енді өздеріңізге айттық қой, бұл жерде жарылыс ондай ештеңе болмады, тек қана бұрғылау жұмыстары жүргізіледі. Бәрі механиканың жұмысы.</p>	алынып тасталған
17	<p>Ауыл тұрғыны: Қай жерлерді бұрғылайын деп жатырсыздар? Біздің территорияда.</p> <p>Қай жерлерде екенің білесіздер ма қазір?</p>	<p>Баймуханов Ануар, бас эколог «Казфосфат» ЖШС: Байқадам учаскесінде 11 скважина бұрғыланады ғой.</p> <p>Қырықкөпе маңайына қарай кетеді. Бұрын бұрғыланған артизандардың қасынан бұрғыланады ғой.</p>	алынып тасталған
18	Аким: Енді сіздер қазір Игіліктің жерің бұрғылап жатырсыздар, сол жерлерде самоизлив шығып жатыр ма?	<p>Баймуханов Ануар, бас эколог «Казфосфат» ЖШС: Бұл жерде Жаңатас учаскесінде 12 скважина бұрғыладық. Оның екеуінде ғана самоизлив шықты. Жайылманың маңайында сол шығып жатқан, Ақтам ауылың қасында.</p>	алынып тасталған
19	Аким: Сіздер былай ғой енді ертен бұрғылағанда бізден де шығады да, өйткені қазір самоизлив деп тұр. Сол сіздерге ұсыныс, бір самоизливті біздерге общепользованиеге бере аласыздар ма пока пайдалансақ?	<p>Баймуханов Ануар, бас эколог «Казфосфат» ЖШС: Ол жерге кран қойып кетеді. Самоизлив болатын болса, кран шығарып кетеміз.</p>	алынып тасталған
20	Ауыл тұрғыны Ол біздің территориямызда тұрғаннан кейін, қай шаруашылықтың жерінде тұр ол пайдалана береді. Кейін оны басқа салаларға алынатын болса, завод салатын болса труба тартады. Оған дейін пайдаланайық.		
21	Аким: Бізге сол сваркелеп жауып кетпей, бізбен келісіп соны берсеңіздер.	<p>Жангабулова Акмарал Бас геолог: Жоқ біз зерттейміз оны күзде ,жазда, қыста, көктемде. Содан кейін бізде южказнедра деген орган бар ғой, сол жерге отчет тапсырамыз ғой. Судың деңгейі осындай, күзде осындай, көктемде осындай, жазда төмендеді деп. Содан осы кісілер отчет тапсырады, оны тек қана южказнедра бекітеді. Ия Ақжар суы осындай көлемде, запасы осындай деп. Одан кейін мемлекет қалай шешеді, оны жергілікке береді ма.</p> <p>Сіздер пайдалана бересіздер, самоизлив болса оны жаба алмаймыз. Ол ағып тұрады.</p>	алынып тасталған
	Біз уақытша пайдаланақ дегеніміз ғой.		

22	Аким: Сосын тағы бізден сіздерген сұраныс бар еді Казфосфатқа. Біздің мына жерде жаңылымдық желеріміз бар еді. Бізден сол 15 метр жерде шығыр. Сол жерде 150 лік па сондай бір 2 құдық қазып бере аласыздар ма? Осы екі ауыл бар судан қиналып жатқан.	Баймуханов Ануар, бас эколог «Казфосфат» ЖШС: Осыны хаттамаға қосытын боламыз. Халықтың ұсыныс деп.	алынып тасталған
23	Ауыл тұрғыны Казфосфаттан кімдер бар мында? Сіздерге қазып беру түкте емес шығар. Сен алсан менде аламын деген осындайдан тұрады. Ең құрғанда 1 құдық қазып берсеңдер. Содан кейін бізде айтамыз, су шығарып беріп жатыр деп.	Жангабулова Акмарал Бас геолог: Мен сол Казфосфаттың су маманымын. 15-20 метр өзіміз қазып береміз.	алынып тасталған
24	Ауыл тұрғыны Қарагүлдегі құдықтарды осы кісілер ма қазып жатқан?	Баймуханов Ануар, бас эколог «Казфосфат» ЖШС: Жоқ	алынып тасталған
25	Аким: Жоқ, бұл кісілер анау Созақтан келе жатырсыздар да?	Жайылма жақтан, Ақтамнан келе жатырмыз.	алынып тасталған
26	Аким: Былтырғы жылы осы ауылда болды ма?	Баймуханов Ануар, бас эколог «Казфосфат» ЖШС: Болды, бірақ жұмыс былтыр басталмаған біз биылдан бастап жатырмыз.	алынып тасталған
27	Ауыл тұрғыны Естіп жатқаным, өткенде облыстың әкімінің бір отчетың оқыдым. Қытайлар ақшасалып, осы Қазақстанда именно Сарысу аудандағы бұрынғы қазылған құдықтар бар емес па, солардың қастарынан қайтадан қазып жатыр деп. Қазып жатқан себебі суды жақсылап шығарып алып, қастарына шамалы малға су қойып береді. Труба қойып береді деп.	Аким: Біздің жерден артизан шығады аға. Мынау Қырықкебеден шығады, соған әйтеуір жаңағындай трубамен шығарып берсе да. Шықпаған күннің өзінде аузын жаппаңыздаршы. Оған біз тас тастамаймыз, өзіміз қарап, қадағалап мотор қоямыз.	алынып тасталған
28		Баймуханов Ануар, бас эколог «Казфосфат» ЖШС: Бұл жерде мынандай ғой, аузын жапқанда андай ашылып жабылатындай қылып істейміз ғой. Өйткені біз жай ашып кете алмаймыз да, бұл үлкен нарушение болады.	
29	Аким: Ия,ия солай, андай сваркілеп кетпесеңіздер болды.	Баймуханов Ануар, бас эколог «Казфосфат» ЖШС: Жоқ ол өзі арнайы құлып қойып істелінеді ғой. Өйткені біз каждый раз оны кесіп жатпаймыз ғой. Олардың ішінен судың сынамалары алынатын болады.	алынып тасталған
30	Аким: Ия түсіндік, біз жай пайдалансақ дейміз да.	Баймуханов Ануар, бас эколог «Казфосфат» ЖШС: Ия дұрыс,дұрыс. Ауылға 2 құдық деп хаттамаға қосатын боламыз. Жангабулова Акмарал Бас геолог: Мен бір сөз айтайыншы. Талай нәрсе істедік, Көмкент ауылына, Жайылмаға бірнеше скважина бұрғыладық. Өкінішке орай, ешнарсені бағаламайды екен әкімшіліктер. Енді сізге сөз тимесін. Бірақ айтайын дегенім ол жерде қазатын кезде қатты қиналдық. Каратыш деген 1,5 метрден толстостенной труба оны өзіміз тауып, оны әр метр сайын бұрғылап, бір-біріне жабыстырып сваркамен. 80 метр үлкен бау егеміз деді. Оны біз бұрғылап бердік, жақсы су шықты. Өздері де көрді, насосты қойып бердік, сөйтіп тапсырып кетсек 1-2 айдан кейін сұраймын ғой мен енді,	алынып тасталған

		не болып жатыр скважина деп. Олар біз оны консервацияға қойдық, Құдай қаласа біз оны көктемде қачаты етеміз дейді. Қайдағы қачаты еткен, ол су жабылда да қойды. Құм ғой, тартырылып қалды. Сонда біздің жұмысымыз зая кеткен да, оның трубасы ол кезде санағанда 15млн кеткен соған. Оны алды да консервацияға қойған. Сондықтан істеген нәрсенің бәрін бағалау керек.	
31	Аким: Ақмарал әпке бізге пластик труба да болады. Сол пластикпен-ақ қойып беріңіздерші. 15-20 метрден бізден жақсы шығады.	Баймуханов Ануар, бас эколог «Казфосфат» ЖШС: Болды, оны хаттамаға қосамыз.	алынып тасталған
32	Ауыл тұрғыны Мынау Байқадам мен екі ортада тал бар, соны мына ауылдың әкімі 10 құдық қазғызып, ештеңке шығара алмай ақша құртты. Сол 2 жерден қазып беріңізші, содан кейін тал өседі, ол өскеннен кейін бұл ел көк өріспенен жағдай түзеледі.	Баймуханов Ануар, бас эколог «Казфосфат» ЖШС: Жақсы. Барлығын хаттамаға қосамыз.	алынып тасталған

Форма письма-запроса от инициатора общественных слушаний на проведение общественных слушаний в местные исполнительные органы административно-территориальных единиц (района, города)

исходящий номер: 25221131001, Дата: 11/03/2025

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

Информируем Вас о: Проведение оценки воздействия на окружающую среду (в том числе сопровождаемой оценкой трансграничных воздействий)

(наименование в соответствии с пунктом 12 настоящих Правил)

Будет осуществляться на следующей территории: (13 км)

(территория воздействия, географические координаты участка)

Предоставляем перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие, и на территории которых будут проведены общественные слушания:

Предмет общественных слушаний: Отчет о возможных воздействиях к Проекту поисково-оценочных работ по водоснабжению химического комплекса ТОО «Казфосфат» по производству минеральных удобрений в Жамбылской области: «Доразведка с переоценкой запасов Акжарского месторождения подземных вод (участки Жанатасский и Байкадамский)»

(тема, название общественных слушаний, предмет общественных слушаний в обязательном случае должен содержать точное наименование, место осуществления, срок намечаемой деятельности и наименование инициатора намечаемой деятельности)

Просим согласовать нижеуказанные условия проведения общественных слушаний: Жамбылская область, Сарысуский район, Жанаталапский с.о., с.Жанаталап, ул.Р. Сәтенұлы, 4 дом, сельский клуб, 06/05/2025 11:00

(место, дата и время начала проведения общественных слушаний)

Место проведения общественных слушаний в населенном (-ых) пункте (-ах) обосновано их ближайшим расположением к территории намечаемой деятельности (13 км).

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами:

Газета "Сарысу"; Телеканал Jambyl, бегущая строка

(наименование газеты, теле- и радиоканала, где будет размещено объявление)

Информационные доски Жанаталап

(расположение мест, специально предназначенных для размещения печатных объявлений (доски объявлений))

Просим также подтвердить наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.

